



«АЗАМАТТАРЫМЫЗ НАҚТЫ ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР БҮГІН ЖӘНЕ ҚАЗІР БОЛАДЫ ДЕП ҮМІТТЕНІП ОТЫР»

Кеше Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Жиынға Премьер-Министр Әлихан Смайылов, Президент Әкімшілігінің Басшысы Мұрат Нұртілеу, Үкімет мүшелері, Ұлттық банк төрағасы, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері, орталық мемлекеттік органдардың және ұлттық компаниялардың жетекшілері қатысты.

Президент өз сөзінде еліміздің биылғы әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері талқыланып, алда тұрған басты міндеттер айқындалатынын атап өтті.

– Қордаланған мәселелер аз емес. 11 айда экономиканың өсімі 4,6 пайыздан 2,7 пайызға дейін төмендеді. Инфляция соңғы 14 жылда болмаған деңгейге жетті. Қазір бұл көрсеткіш – 19,6 пайыз. Мұндай ахуал жұрттың табысына және әл-ауқатына кері әсерін тигізіп отыр. Жуырда өткен Президент сайлауы – бұл халықтың бізге артық зор сенімі және қолдауы. Азаматтарымыз нақты оң өзгерістер бүгін және қазір болады деп үміттеніп отыр. Осы үміт пен сенімді ақтау – алдымызда тұрған ең басты міндет әрі қастерлі парыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент өзінің сайлауалды бағдарламасында еліміздің жаңа даму бағдары айқындалғанын, азаматтардың табысын арттырып, өмір сапасын жақсартуға баса назар аударылатынын атап өтіп, ерекше мән беруді қажет ететін бірқатар мәселеге тоқталды.

Мемлекет басшысы, ең алдымен, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мәселесін көтерді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, ауыл мен қаланың ауқымында шешіле беретін тұрмыстық мәселелерді Үкіметтің денгейінде қарауға мәжбүр болып отырмыз. Өйткені осы



саладағы төтенше оқиғалар тым көп болып кетті. Петропавл, Теміртау, Степногорск, Балқаш, Қарағанды, Ақтөбе және Риддер қалаларында болған апаттардың ешқайсысынан әкімдер мен министрлер, әсіресе, меншік иелері тиісті қорығынды жасаған жоқ.

– Жакында Екібастұзда болған төтенше жағдай бұл саладағы ахуалдың қаншалықты күрделі екенін айқын көрсетті. Қызметкерлердің жауапсыздығы, бақылау жүйесінің қауқарсыздығы мыңдаған адамды жылусыз қалдырды. Жауапты қызметкерлер қысты қалыпты режимде, аман-есен өткіземіз деп есеп берген. Бірақ іс жүзінде жағдайдың қалай болып жатқанын көріп отырсыздар. Павлодар облысының әкімі өз өтінішімен қызметінен босатылды. Ал құзырлы мемлекеттік орган – Энергетика министрлігінің ешқандай әрекетін көрген жоқпыз, бұл мекеме апатқа селқос қарап, бейтараптық танытты. Сондай-ақ төтенше

жағдай қызметтерінің жұмысы дұрыс жолға қойылмаған. Олар баяу қимылдап, салғырттық танытты, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент тозу деңгейі 90 пайыздан асқан Екібастұз ЖЭС-ін мемлекетке 1 тенгеге сату туралы ұсыныс сараптауды қажет ететінін айтты. Оның пікірінше, нысанға тәуелсіз аудит жүргізу керек. Өбден тозған орталықты мемлекеттің тиімді басқара алу мәселесін зерттеу керек. Кәсіпорынның 50 пайызын алып, меншік иесіне жылу-электр орталығын күрделі жөндеуден өткізуді тапсырған жөн.

– Екібастұз тұрғындарына келтірілген зардапты өтеу шығындары меншік иесі мен республикалық бюджет арасында бөлінуі керек. Үкіметтің алдында соңғы жылдары меншік иелері ештеңе істемеген аса маңызды инфрақұрылым нысандарының әрқайсысын кешенді түрде тексеріп, шешім қабылдау міндеті

тұр, – деді Президент.

Мемлекет басшысы еліміздегі ЖЭС-тердің орташа тозу деңгейі 66 пайызға, ал кейбір қалаларда шекті межеден асып, 80 пайызға жеткеніне тоқталды. Жылу-электр стансаларының үштен бірінің пайдалануға берілгеніне жарты ғасырдан асқан. Ал Шығыс Қазақстан облысының Риддер мен Шемонаиха қалаларындағы жылумен қамту желілері мүлдем тозған.

Президенттің айтуынша, энергетикалық нысандарды уақытылы жаңғырту ісін бақылауға алу Үкіметке бірнеше рет тапсырылған. Әйтсе де әкімдіктерге де, туындаған мәселені орталыққа ысыра салуға болмайды.

– Менің тапсырмам бойынша Президент Әкімшілігі жанынан құрылған арнайы Комиссия кешенді шаралар әзірледі. Соған сәйкес бақылау-қадағалау тетігін күшейтіп, меншік иелерінің жауапкершілігін және жалпы саланың тиімділігін арттыру қажет. Комиссия дұрыс жұмыс істемей тұрған 19 жылу-электр орталығын анықтады. Оларды шұғыл жаңғырту қажет. Алдына ала есеп бойынша, оған шамамен 90 миллиард теңге керек. Бұл қаражат, әрине, энергетикалық кәсіпорындардың тарифтік сметасында ескерілгені жөн. Мемлекет меншігіндегі энергетикалық нысандар бюджет есебінен жөндеуге тиіс. Ал жекеменшік нысандарды «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы аясында өз қаражаты есебінен жаңғырту керек. Үкімет осы міндетті шешуге шұғыл кірісуі тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Президент халықтың әл-ауқатын жақсарту мәселесіне де баса назар аударды.

– Негізгі тағам өнімдерінің қымбаттауы инфляцияның өсуіне себеп болып жатыр. Азық-түлік инфляциясы 24 пайыздан асты. Тұрғындардың ақшалай табысының осы қарқыны соңғы бес жылдағы ең төмен деңгейде тұр. Елімізде қазір жүзінде жұмыс істейтін, уақытша жұмыс істемейтін, өзін-өзі нәтижесіз жұмыспен қамтыған және жұмыссыз деп көрсетілген 900 мыңға жуық адам бар. Негізгі құжат – Халық табысын арттыру бағдарламасы. Осы құжатты қазіргі жағдайлармен сәйкестендірген жөн, – деді

Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев өндірістік жаракат мәселесі күрделі проблемаға айналып бара жатқанына тоқталды.

– Биылғы 11 айда өндірісте 1124 адам зардап шекті. Оның 157-сі қайтыс болды. Кейбір кәсіпорында адам өліміне әкеп соқтыратын апаттар тым жиілеп кетті. «АрселорМиттал Теміртау» компаниясы – осының айқын дәлелі. Онда 2006 жылдан бері 20-дан астам апат болып, жүзден астам азаматымыз қазаға ұшырады. Биылдың өзінде 14 адамнан айырылып қалдық. Өткен аптада тағы бір жұмысшы опат болды. Мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың есебіне қарасақ, компания еңбек, экология және салық заңнамасын белден басып отыр. Инвестициялық міндеттемелерін де орындамайды. Қоғам әділ, қатаң және шұғыл шаралар қабылдауды талап етіп жатыр. Бұл мәселені Үкімет басшысы тікелей бақылауда ұстайды, – деді Президент.

Мемлекет басшысы өзінің тапсырмасымен инвестициялық жобалардың бірыңғай жүйесі әзірленгенін, алайда биыл жоспардағы 284 инвестициялық жобаның 43-і ғана жүзеге асырылғанын жеткізді.

– Мұның бәрине күр цифр ретінде қарауға болмайды. Өйткені соның кесірінен көптеген жұмыс орны ашылмай қалды. Ел экономикасы миллиардтаған теңге қаржыдан қағылды. Сыртқы істер министрлігі шетелден инвестор тарту үшін тиімді жұмыс атқарып жатқанын атап өткен жөн. Елшілер шетелдерде түрлі кездесу өткізіп, елімізге инвесторларды жетелеп әкеледі деуге болады. Бірақ жобаны жүзеге асыратын кезде, жергілікті жерде түрлі мәселе туындайды. Бір сөзбен айтсақ, біз дайын инвесторлардан айырылып қалып жатырмыз. Тағы да қайталап айтамын, инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға жағдай жасау, яғни жер бөлу, рұқсатнама беру, инфрақұрылыммен қамту – әкімдердің міндеті, – деді Мемлекет басшысы.

Президент баға белгілеуді келесі бір маңызды мәселе ретінде атап өтті. Сондай-ақ азық-түлік бағасын өсірмеу үшін басты

(Жалғасы 2-бетте)

ОБЛЫС ӘКІМІ ҚР ӘДІЛЕТ ВИЦЕ-МИНИСТРІМЕН КЕЗДЕСТІ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр өліне жұмыс сапарымен келген ҚР Әділет вице-министрі Бекболат Молдабековпен кездесті.

Вице-министр ұлттық заңнаманы қалыптастыру және дамыту шеңберіндегі жұмыстардың маңыздылығына тоқталды. Мұнан бөлек, өңірде зияткерлік меншік құқығын қорғау, жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласындағы қызметтер сәтті түрде жүзеге асқанын тілге тиек етті.

Бекболат Молдабеков Әділет министрлігі 119 нөмірі бойынша тегін тәулік бойы құқықтық ақпараттық қенес беретінін тілге тиек етті.

Биыл «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңға өзгерістер енгізіліп, тегін заң көмегін алатын азаматтардың қатары артты. Осы жылдың 11 айында Қызылорда облысында 5 мыңға жуық азаматқа тегін заң көмегі көрсетілген.

Кездесу соңында алдағы уақытта бірлескен жұмыстарды атқару мәселесі пысықталды.

Айта кетейік, Бекболат Молдабеков Достық үйінде Қызылорда облысының тұрғындары және қоғамдық өкілдерімен кездесу өткізді.

БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУ ТҮСІМДІ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында балық шаруашылығын дамыту және жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын орындау мәселелері қаралды.

Жиынға министрлер мен селекторлық байланыс арқылы өңір әкімдері қатысты.

Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешев баяндама жасап, өткен жылы сәуірде қабылданған Балық саласын дамыту бағдарламасын іске асырудың нәтижесінде 2030 жылға қарай 270 мың тоннаға дейін балық өсіру, балық өнімдерін ішкі тұтынуды жылына 134 мың тоннаға дейін ұлғайту және импорт көлемін 45 мың тоннадан 25 мың тоннаға дейін азайту жоспарланғанын айтты. Үкімет басшысы балық шаруашылығы саласына инвестициялар тарту жұмысын күшейту қажет екенін атап өтті. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Премьер-министрдің

орынбасары – Қаржы министрі Ерулан Жамаубаев Кешенді жоспарға 675 мемлекеттік меншік және квазимемлекеттік сектор нысаны енгенін жеткізді.

Премьер-министр объектілердің сату алдындағы дайындық сапасына жеткілікті деңгейде көңіл бөлу керектігін қаперге салып, кешенді жоспарды толыққанды іске асыру үшін жекешелендіру процесінің ашықтығын арттыруды тапсырды.

Селектордан кейін Үкімет басшысының тапсырмаларын орындау бағытында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жиын өткізіп, облыс бойынша жекешелендірудің кешенді жоспарында көзделген іс-шаралар орындалғанын айтты. Аймақ басшысы жауапты тұлғаларға экологиялық суы жіберу кезінде көлдерге суды

мүмкіндігінше толтыру үшін гидротехникалық құрылыстар салу бойынша ұсыныстар енгізу және мемлекеттік қолдау шаралары бойынша табиғат пайдаланушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізуді тапсырды.

Біздің облыс күршістен кейінгі балықпен мақтана алатындай болуы тиіс. Оған барлық мүмкіндіктеріміз бар. Облыста Кіші Арал теңізі және балық шаруашылығында маңызды 207 көл бар. Қазіргі таңда Шардаралдан төменге көп көлемде 500 м3/сек су түсіп жатыр. Сондықтан көлдерге су толтыруға мүмкіндігінше тиімді жұмыс жасауымыз қажет, – деді аймақ басшысы.

Жиын соңында Нұрлыбек Нәлібаев қала, аудан әкімдері мен басқарма басшыларына жылдың аяқталуына аз ғана уақыт қалғанын қаперге салып, бюджет қаражатын уақытылы әрі сапалы аяқтау керек деді. Бұл ретте «қаржыны игеру қажет екен» деп сапасыз жұмысқа бюджет

қаражатын бағыттау дұрыс емес екенін ашып айтты. Облыс әкімі жаңадан алынатын нысандардың құрылысын дұрыс жоспарлау мәселесіне де жете көңіл бөлу қажеттігін жасырмады. Әсіресе, «Жайлы мектеп» ұлттық жоба аясында өңірде салынатын 21 мектептің балаларға ыңғайлы және тұрғындарға қолайлы болуына аудан әкімдері жеткілікті деңгейде мән беруі тиіс деді.

Айта кетейік, балық қорын сақтау және оның жасанды өсімін молайту жолымен қайта жаңғырту мақсатында жыл сайын «Қамыстыбас» балық питомнигінде 15 млн дана балық шабағы өсіріліп, Кіші Арал теңізімен су айдындарына жіберіледі. Облыстық бюджет есебінен Арал қаз балығының генфондынан сақтау үшін жыл сайын күрші алқаптарынан 10 мың дана шабағы құтқарылып, Сырдария өзені мен көлдерге жіберіледі. Биыл 8,2 млн. дана балық шабағы құтқарылып, су айдындарына жіберілді.

ТӨЛ МЕРЕКЕДЕГІ ҚҰРМЕТ



Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев пен облыс прокуроры Нұрлан Бижанов прокуратура қызметкерлерінің кәсіби мерекесінде сала ардагерлері мен қызметкерлерді құттықтап, тілек арнады.

Басқосуға құқық қорғау органдарының басшылары қатысты. Нұрлыбек Нәлібаев елімізде заңдылық пен құқықтық тәртіптің сақталуын қадағалау және қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етуде прокурорлардың еңбегі ерекше екенін айтты.

– Қоғамға қызмет уақыт шектеуіне бағынбайды. Бүгінде прокуратурадағы әрбір қызметкер Мемлекет басшысы айқындап берген маңызды міндеттерді мінсіз атқарып, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде мемлекеттің сенімді тірегіне айналды. Салада қызмет атқаратын әрбір азамат абыройлы міндеттің

салмағын санамен, ауырлығын армен, өлшемін өремен сезіне біліп, қоғамға қалтқысыз қызмет етуде, – деді аймақ басшысы.

Басқосуда сөз алған облыс прокуроры Н.Бижанов әріптестерін құттықтап, биыл жаңадан қабылданған Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Конституциялық заңының маңызы мен ерекшеліктерін атап өтті. Келер жылдан бастап прокуратура органдарының құзыреті кеңейіп, жаңа жүйеде жұмыс істеуді бастайды.

Мерекелік басқосуда сала үздіктеріне төсбелгі тағылып, арнайы Алғыс хаттар табысталды.

БАСПАСӨЗ – 2023 I-ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ ЖАЛҒАСУДА

Республикалық "Ел тілегі" газеті және "Жарасымды жаңу" журналы өңірдегі елеулі оқиғаларды бүкпесіз жеткізіп, халық пен биліктің арасын жалғайтын алтын арқауға айналып, көптің ықыласына бөленіп келеді. Еліміздің тілегін тыңдап, отбасыңыздың жарасымын ойласаңыз қос басылымға жазылыңыз.

«Ел тілегі» газетіне жазылу бағасы 6 айға 2500 «Жарасымды жаңу» журналына жазылу бағасы 2850



«АЗАМАТТАРЫМЫЗ НАҚТЫ ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР БҮГІН ЖӘНЕ ҚАЗІР БОЛАДЫ ДЕП ҮМІТТЕНІП ОТЫР»

бағыттар бойынша нақты жұмыс жүргізу керек екеніне тоқталды.

– Азық-түліктің бағасы жыл мезгіліне қарай катты өзгереді. Күзде су тегін нәрсе көктемде шарықтап шыға келеді. Мұның шешімі біреу ғана – қойма инфрақұрылымын жасау керек. Бірақ бұл бағыттағы жұмыс баяу жүріп жатыр. Былтыр 83 мың тонна өнім сақтайтын қойма салу жоспарланғанмен, оның 64 мыңы ғана пайдалануға берілді немесе жоспар 77 пайызға орындалды. Был жұмыс біршама жандана түсті: 98 мың тонналық қойма салу жоспарланып, соның 87 мың тоннасы қазірдің өзінде іске қосылды. Дегенмен бұл бағыттағы шаруаны әлі де ширата түсу керек. Бүгінгі таңда азық-түлік қауіпсіздігі елді өркендетудің басты шарты екенін түсіну керек. Агроөнеркәсіп кешенін, әсіресе ауыл шаруашылығы өнімінің өңдеуді дамыту Үкімет пен әкімдер үшін басты басымдық болуға тиіс, – деді Президент.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев әділ және тиімді экономикалық саясат жүргізіліуі керек екеніне назар аударды. Оның пікірінше, елімізде әділ бәсеке орнап, бизнес адал жұмыс істесе, әділетті нарықтық экономика құрылады.

– Экономиканы монополиядан арылту үшін мемлекералық комиссия құрылды. Бұл комиссия қажетті жұмысты тиімді жүргізіп жатыр. Қазір жеке меншікке заңсыз өтіп кеткен активтерді қайтаруға баса мән беріліп отыр. Бірақ кейбір мәселелер назардан тыс қалып барады. Экономикаға мемлекеттің қатысуын азайту, монополистерді өзінше жанама қатысы бар нарықтың қызыметіне араластырмау – өте маңызды жұмыс. Әкімшілік кедергілерді және нарыққа баға белгілеу арқылы қысым жасауды тоқтату керек. Мысалы, электр қуатын өндіру және оны жеткізу саласы монополистердің қолында. Олар тәуелсіз компаниялардың нарыққа кіруіне шектеу қойып отыр. Біз электр қуатын біріншісі сатып алу институтын енгізуге кірістік. Осылайша, тиімсіз деді делал компанияларға шектеу қойылды. Оны өндірушіге қарағанда тікелей түседі. Нәтижесінде еліміз барлық өңірлер мен ұйымдар үшін ойға қондырды бағаға қол жеткізуге тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Президент бюджет саясатына арнайы тоқталды.

– Үкімет бюджет тұрақтылығын қамтамасыз етуге керек. Ұлттық қордың трансфертіне тәуелділіктен біртіндеп құтылуымыз қажет. Бір жылдан кейін Ұлттық қордың инвестициялық табысының жартысын балалардың есепшотына аудару бастаймыз. Сол кезде барша азаматтар Ұлттық қордағы ақуалды жіті қадағалап отыратын болады. «Әрбір азамат – ұлттық байлықтың иесі» деген сөз жай ұран емес. Бұл нәрсе халықтық қоғамдық бақылаудың басталғанын білдіреді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы ретте Мемлекет басшысы Үкімет пен Ұлттық банкке алдағы жеті жылда Ұлттық қордың активтерін 100 миллиард долларға жеткізу міндетін жүктегеніне еске салды. Сондай-ақ ақшаны азырақ жұмсап, көбірек табыс табу керек екенін ескертті.

Сонымен қатар Президент жер қойнауы пайдалану саласында елеулі түйткілдер бар екенін жеткізді.

– Бас прокуратура Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бірлесіп, жер қойнауын пайдалану ісін барлық сатысында заң бұзылатынын анықтады. Мемлекеттік жер қойнауын басқару бағдарламасында бұрмаланған немесе ескірген мәліметтер бар. Қоры нақтыланған және игеруге дайын тұрған кен орындарына барлау жұмысын жүргізуге 143 лицензия мен келісім-шарт заңсыз берілген. Елімізде құнды пайдалы қазбасы бар кен орындары аз емес. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар осындай 87 кенішті заңсыз алған. Олар байқау өткізу рәсімдерін айналып өтіп, кеніштерді жеке компанияларға су тегін берген. Үкіметке Бас прокуратурамен бірлесіп, заңсыз берілген кен орындарын мемлекет меншігіне қайтару үшін тиісті шаралар қабылдауды тапсырамын, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев ауылдық жерлерді дамыту мәселесіне де арнайы тоқталды. Мемлекет басшысы жаңа президенттің өкілеттігіне кіріскен сәттен, ең алдымен, Ауылдық аумақтарды дамыту тұжырымдамасын әзірлеу туралы Жарлыққа қол қойғанын айтып, ауылды өркендетудің мүдделі тың тәсілдері керек екеніне назар аударды.

– Ауыл жұртының көпшілігіне жер үлесі бар. Бірақ халық оның иілігін көре алмай отыр. Азық-түлік қауіпсіздігі бүкіл әлем бойынша басты мәселеге айналды. Был біздің елде астық мол шықты. Бірақ өтіннің орташа шығымы әлі де төмен. Бұл салада заманауи технологияны қолдану өте маңызды. Шаруаларды осыған ынталандыру керек. Сондай-ақ тынайтықштың

қолжетімді болуын қамтамасыз еткен жөн. Ауыл шаруашылығы өнімінің өңдеу ісін жақсартуға баса назар аудару қажет. Мемлекет жыл сайын агроөнеркәсіп кешенін дамытуға 350 миллиард тенгеден астам субсидия бөледі. Соған қарамастан, терең өңдеу өндірісі дамып жатқан жоқ. Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың ұлттық жобасындағы жоспарлар орындалмай жатыр, – деді Мемлекет басшысы.

Президент көтерген тағы бір өзекті мәселе – экономиканы кредиттеу және халықтың көп несие алуына тосқауыл қою.

– Нақты экономиканы кредиттеу ісін кеңейту қажет екенін бірнеше рет айттым. Бизнес қолжетімді қаржыландыруға зәру. Менің тапсырмаммен шұғыл шешімдер топтамасы әзірленді. Ол осы сектордағы қордаланған мәселелерді шешуге бағытталды. Атап айтқанда, зейнетақы жинағының 50 пайызына дейін жеке басқаруға беру үшін БЖЗК салымшыларының құқықтары кеңейтіледі. Бұл бизнесті кредиттеуге қажетті құзақ мерзімді қаржы қорын қалыптастырады. Агроөнеркәсіп кешеніне берілетін кредитті арттыру үшін астық қолхаты институты толықтай цифрландырылып, қайтадан іске қосылады. Бұл агроөнеркәсіп кешені кәсіпорындары үшін сенімді кепіл болады. Экономиканың осы секторын әлдеқайда белсенді кредиттеу үшін жер қойнауын пайдалану құқығына да осындай өзгерістер енгізіледі. Бұған қоса, Үкімет пен қаржы саласын реттеу органдары «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында пайыз мөлшерлемесін субсидиялау мерзімін 7 жылға дейін созу мүмкіндігін қарастырамын деп санаймын. Әрине, бұл экономиканың тек анағұрлым басым бағыттарын қамтуға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент тұтынушылық кредиттің шамадан тыс көбеюін төмендету керек екенін еске салды.

– Бүгінде проблемалық кредиттердің көлемі жарты триллион теңгеге жетті. Миллионнан астам адам өзін-өзі банк алдындағы міндеттемелерін өтеуге жағдай жоқ. Олардың көбі әбден торығып, ескі борышын жабу үшін жаңа кредит рәсімдеуге мәжбүр. Сондықтан 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Жеке тұлғалардың төлем қабілетін қалпына келтіру және олардың банкроттығы туралы» Заң күшіне енуге тиіс. Сонымен қатар кепілсіз онлайн-микрокредиттеуді қатаң реттеу қажет. Кейбір елдерде оған толықтай тыйым салған. Осы тәжірибені зерттеген жөн, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа әкімшілік реформа жүргізуді тапсырғанын еске салды. Мұндағы басты мақсат – атқарушы билік органдары жұмысының тиімділігін арттыру.

– Қолданыстағы заңдар мемлекеттік органдарға толық дербестік беріп отырған жоқ. Мысалы, өз саласында нормативтік-құқықтық актілер қабылдау үшін олардың құзыреті заң жүзінде бекітілуі керек. Тапсырмалар уақытылы орындалмайды. Шешім дер кезінде қабылданбайды. Сол себепті өзектілігін тез жоғалтады. Осындай түйткілді шешу үшін заңдарға мемлекеттік органдарға өз саласындағы құзыреті шегінде қажетті шараларды қабылдауға мүмкіндік беріпін түзетулер енгізіліп жатыр, – деді Президент.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Президент Әкімшілігі жүргізген талдау Үкіметтің қызметінде олқылықтар бар екенін көрсеткенін атап өтті. Мысалы, оның жұмысының жартысына жуығы уәкілетті органдар әзірлеген салалық шешімдерді мақұлдаумен шектеледі. – Үкіметтің негізгі міндеті – жұмысты үйлестіру және оған басшылық ету. Жаңа әкімшілік реформа аясында заң шығару тәжірибесін жаңғырту қажет. Түрлі деңгейдегі мемлекеттік басқару органдарының орталыққа бағыныштылығын барынша азайтқан жөн. Осыған орай Үкіметке заңнамалық актілерді түгендеуді тапсырамын. Мемлекеттік органдардың негізгі міндеттері мен құзыреттері ғана заң жүзінде бекітілуі керек. Әр саладағы саясатты әзірлеу, оны жүргізу және бақылау құзыреті Үкіметтен орталық мемлекеттік органдарға берілуге тиіс. Орталық пен аймақтар арасындағы құзыреттерді бөлу ісін келесі жылы аяқтау қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент аса маңызды ұлттық жобалардың («Жайлы мектеп», «Ауылдық денсаулық сақтау», негізгі инвестициялық жобалар) орындалуы барысын қадағалайтын Президенттің жобалық офисі өз жұмысын бастағанын хабарлады.

– Жобалық басқару саласындағы біліктілік мемлекеттік менеджерлер үшін бүкіл әлемде қалыптасқан стандартқа айналды. Ал біз оның не

үшін керектігін түсіндіруден және орындаушыларды кенесмен бірлесе жұмыс істеуге үгіттеуден аса алмай отырмыз. Әкімдер жаңа талапқа бейімделе білу керек. Жобалық кеңсе жетекшілеріне де шынайы жағдайға орай ойланып, прагматикалық тұрғыдан әрекет еткен жөн. Заманға қарай бейімделу керек. Өйтпесе, көш соңында қалуымыз мүмкін. Әділетті әрі дамыған мемлекет құру үшін жаңа кадр саясатын жүргізу керек. Алдағы өзгерістер, ең алдымен, адам капиталына қатысты болады. Жаңа кадр саясаты меритократия және кәсібилік қағидаларына негізделеді, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент келесі жылы орталықта және жергілікті жерде ауқымды кадрлық өзгеріс жасалатынын атап өтті. Оның айтуынша, бастықтардың үнемі бүйрегі бұрып тұратын адамдарымен қоштасуына тура келеді. Олардың орнын жаңа кадрлар басады. Қазақстанға тиімді жұмыс істейтін технократтар қажет.

– Министрлер және әкімдер өзіне қолайлы адамдарды ғана қызметке тағайындайтын әдетті доғаруға тиіс. Министрліктердің өзінде «көрек адамын» тағайындау үшін заң талаптарын аңсап өтетін немесе қалауына өзгеріп алатын жағдайлар бар. Бұл әрекеттер барлық жерде кездеседі. Жер инспекциясы, құқық қорғау саласы, ревизиялық комиссия және басқа да бақылау органдары жергілікті биліктің ықпалында болмауы керек. Әділ бәсеке болмаса, кәсіби мамандар мемлекеттік қызметке қызықпайды. Дарынды жастар мемлекеттік қызметке келуге құлықсыз. Аймақтарда тек сол өңірдің азаматтары жұмыс істеуі керек деген қасаң түсініктен арылу керек. Адамның білікті болуы оның туған жеріне байланысты емес. Жұмыстың нақты нәтижесімен ғана бағаланады. Сонымен бірге квазимемлекеттік секторда тәртіп орнатқанға риза келді. Корпоративтік басқарудың икемді болуы – ойына не келсе, соны істеу деген сөз емес. Азаматтарды қызметке тағайындау барынша ашық және әділ болуға тиіс. Себебі бұл – ең алдымен, халыққа тиесілі мекемелер. Президент Әкімшілігі мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордағы тағайындауларды үнемі бақылауға ұстап отыруы керек. Жеке адамдардың мүддесін көздейтін кез келген әрекетке тосқауыл қойылуға тиіс. Мемлекеттік қызмет істері агенттігі жеке сектордағы білікті мамандарды мемлекеттік қызметке тарту үшін қолайлы жағдай жасауы қажет. Елімізді өркендетеміз десек, бөріміз бір ел болып күш жұмылдыруымыз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік органдардың атқарушылық тәртіпті сыңға алды. Президенттің айтуынша, мемлекеттік аппарат берілген тапсырмаларды атқаруға тиімді түрде орындайды. Түрлі себептермен созылған салып, орындалу мерзімі бірнеше рет кейінге шегеріледі.

– Жыл басынан бері Президент Әкімшілігі тапсырмаларын орындау саласына қатысты мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың атына 400-ден астам сын-ескерте жолдаған. Ал осы тапсырмалардың негізгі үйлестірушісі – Үкімет тарапынан қадағалау тиісті деңгейде жүргізілген жоқ. Үкімет қызметін қамтамасыз етуге тиіс Премьер-Министр Кеңесінің жұмысы тек мемлекеттік органдардың дайын есебін жібере салумен шектеледі. Премьер-Министр Кеңесінің ведомстваралық үйлестіру және салааралық мәселелерді шешу жөніндегі рөлі арттырып, Үкіметтің шағын аппараты ретінде кешенді түрде трансформация жасаған жөн. Мемлекеттік орган басшылары жекелеген мәселелер бойынша бұрынғыдай шешім қабылдаудан қорқады. Түрлі желеумен менің немесе Президент Әкімшілігінің мақұлдауын алуға тырысады. Кейде Үкімет мүшелеріне жазбаша тапсырма беруге тура келеді. Өйтпесе тапсырманы орындалмау, жобаның түрде аяқталмай қалу қаупі бар. Бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы Жарлық аясында біз Үкімет пен уәкілетті мемлекеттік органдардың құзыретіне жататын ағымдағы мәселелер бойынша Президент Әкімшілігіне құжат жолдауға тыйым салдық. Алайда бұл тәжірибе әлі жойылған жоқ, – деді Президент.

Жылы барысында Премьер-Министр Әліхан Смайылов еліміздің даму барысы және келесі жылдың жоспары туралы, Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірмағов ақша-несие саясаты жөнінде, Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр Екібастұлдағы жағдайлы қалпына келтіру жұмыстарына қатысты баяндама жасады. Сонымен қатар Мемлекет басшысы Алматы қаласы, Маңғыстау және Ұлытау облыстары әкімдерінің баяндамаларын тыңдап, әрқайсысына нақты тапсырма берді.

akorda.kz

ЖОБА

Мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы

Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңының 16-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңының 27-бабына сәйкес, Қызылорда қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеудің тәртібі мен мөлшері, осы шешімнің қосымшасына сәйкес айқындалсын.
2. Қызылорда қалалық мәслихатының

«Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өтеу мөлшері мен тәртібін айқындау туралы»

2021 жылғы 29 желтоқсандағы №107-16/10 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №26393 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні

Шешіміне қосымша

Мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу тәртібі мен мөлшері

Осы мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу тәртібі мен мөлшері Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 25 наурыздағы №84 «Әлеуметтік – еңбек саласында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы» бұйрығымен бекітілген «Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу» мемлекеттік қызметін көрсету (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №22394 болып тіркелген) қағидаларына (бұдан әрі – шығындарды өтеу қағидалары) сәйкес әзірленді.

2. Мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеуді (бұдан әрі – оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу) мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балалардың үйде оқу фактісін растайтын оқу орнының анықтамасы негізінде Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен жүргізіледі.

3. Оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу (толық мемлекеттік қамсыздандыруындағы мүгедектігі бар балалардан және оларға қатысты ата-аналары ата-ана құқығынан айырылған мүгедектігі бар балалардан баса)

отбасының табысына қарамастан мүгедектігі бар балалардың ата-анасының біреуіне немесе өзге де заңды өкілдеріне беріледі.

4. Оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысында белгіленген мерзім аяқталғанға дейін өтініш берген айдан бастап жүргізіледі.

5. Оқытуға жұмсалған шығындарды өтеуді тоқтатуға әкеп соққан жағдайлар болғанда (мүгедектігі бар балалардың он сегіз жасқа толуы, мүгедектігі мерзімінің аяқталуы, мүгедектігі бар баланың мемлекеттік мекемелерде оқып жатқан кезеңі, мүгедектігі бар баланың қайтыс болуы) төлемдер тиісті жағдайлар тұсындағынан кейінгі айдан бастап тоқтатылады.

6. Мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу үшін қажетті құжаттар тізбесі шығындарды өтеу қағидаларының 3-қосымшасына сәйкес ұсынылады, ал қандастар үшін - қандас куәлігі - жеке басын сәйкестендіру үшін.

7. Мүгедектігі бар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу мөлшері әр мүгедектігі бар балаға тоқсанна тоғыз айлық есептік көрсеткішке тең.

8. Оқытуға жұмсалған шығындардың өтеуден бас тарту үшін негіздер шығындарды өтеу қағидаларының 3-қосымшасының тоғызшы жолында көзделген.

ПРОЕКТ

Об определении порядка и размера возмещения затрат на обучение на дому детей с ограниченными возможностями из числа детей с инвалидностью по индивидуальному учебному плану

В соответствии с подпунктом 4) статьи 16 Закона Республики Казахстан «О социальной поддержке детей с ограниченными возможностями», статьей 27 закона Республики Казахстан «О правовых актах» Кызылординский городской маслихат РЕШИЛ:

1. Определить порядок и размер возмещения затрат на обучение на дому детей с ограниченными возможностями из числа детей с инвалидностью
2. по индивидуальному учебному плану согласно приложению к настоящему решению.
2. Признать утратившим силу решение

Приложение крещению

Порядок и размер возмещения затрат на обучение на дому детей с ограниченными возможностями из числа детей с инвалидностью по индивидуальному учебному плану

1. Настоящий порядок и размер возмещения затрат на обучение на дому детей с ограниченными возможностями из числа детей с инвалидностью по индивидуальному учебному плану разработаны в соответствии с Правилами оказания государственной услуги «Возмещение затрат на обучение на дому детей с инвалидностью», утвержденным Приказом Министра труда и социальной защиты населения Республики Казахстан от 25 марта 2021 года №84 «О некоторых вопросах оказания государственных услуг в социально-трудовой сфере» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №22394) (далее - Правил возмещения затрат).

2. Возмещение затрат на обучение на дому детей с ограниченными возможностями из числа детей с инвалидностью по индивидуальному учебному плану (далее - возмещение затрат на обучение) производится коммунальным государственным учреждением «Кызылординский городской отдел занятости, социальных программ и регистрации актов гражданского состояния» акимата города Кызылорда на основании справки из учебного заведения, подтверждающей факт обучения ребенка с инвалидностью на дому.

3. Возмещение затрат на обучение (кроме детей с инвалидностью, находящихся на полном государственном обеспечении и детей с инвалидностью, в отношении которых родители лишены родительских прав) предоставляется одному из родителей или иным законным представителям детей с

Кызылординского городского маслихата «Об определении размера и порядка возмещения затрат на обучение на дому детей с ограниченными возможностями из числа инвалидов по индивидуальному учебному плану» от 29 декабря 2021 года №107-16/10 (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под №26393).

3. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Должность

ФИО

инвалидность, независимо от дохода семьи.

4. Возмещение затрат на обучение производится с месяца обращения до окончания срока, установленного в заключении психолого-медико-педагогической консультации.

5. При наступлении обстоятельств, повлекших прекращение возмещения затрат на обучение (достижение ребенка с инвалидностью восемнадцати лет, окончания срока инвалидности, в период обучения ребенка с инвалидностью в государственных учреждениях, смерть ребенка с инвалидностью), выплата прекращается с месяца, следующего за тем, в котором наступили соответствующие обстоятельства.

6. Перечень документов, необходимых для возмещения затрат на обучение на дому детей с ограниченными возможностями из числа детей с инвалидностью по индивидуальному учебному плану предоставляется согласно приложению 3 к Правилам возмещения затрат, а для кандидас – удостоверения кандидаса – для идентификации личности.

7. Размер возмещения затрат на обучение на дому детей с ограниченными возможностями из числа детей с инвалидностью по индивидуальному учебному плану равен девяти месячным расчетным показателям в квартал на каждого ребенка с инвалидностью.

8. Основания для отказа в возмещении затрат на обучение предусмотрены строкой девять приложения 3 к Правилам возмещения затрат.

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ КӘСІПОРЫНДАР ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

Мемлекет басшысының қатысуымен «Алтын сапа» және «Парыз» республикалық конкурсы жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі өтті.

Президент келесі жылдан бастап «Парыз» байқауының жеңімпаздарын анықтау кезінде қосымша талаптар болатынын атап өтті. Оның айтуынша, бұл – ерекше қажеттіліктері бар азаматтар үшін қолжетімді орта қалыптастыруға үлес қосу. Бұл – мемлекетіміз бен бизнестің азаматтарымыз алдындағы ортақ борышы.

Биыл байқауға Қызылорда облысы бойынша 33 кәсіпорын өтінім берді. Конкурс нәтижесінде «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын» номинациясымен қызылордалық «Жаңажол» ЖШС марапатталды.

Орынбасар Төлепов басшылық ететін кәсіпорынның негізгі бағыттары - күрші өсіру және шінара мал шаруашылығы. Соңғы 20 жылдан бері күршінің өнімділігі тұрақты болып, облыста алдыңғы

қатардағы шаруашылықтардың біріне айналды. Бүгінде шаруашылықта 400-ден астам маман жұмыспен қамтылған.

Ал, «Енбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын» номинациясы бойынша «Торғай-Петролеум» АҚ лауреат атанды. Облыс экономикасына елеулі үлес қосып, жұмысшылардың еңбек құқықтарын қорғау, еңбек жағдайын жақсартуда орнықты жұмыстармен алдыңғы қатардан көрінуде.

Шикі мұнай мен ілеспе газды өндірумен айналысатын кәсіпорында 458 адам жұмыс жасайды. Елорда төріндегі салтанатты шарада компанияның Бас директоры Қайрат Арынғазиевке табыстады.

Тағы бір қызылордалық кәсіпорын «Экологияға қосқан үлесі үшін» номинациясын иеленді. «Номад



Солар» ЖШС марапат мінберінен көрінді. Бұл кәсіпорын жаңартылатын көздерден электр энергиясын өндірумен айналысады. Қуаттылығы 28 МВт күн

электр станциясы облыстағы ең ірі станциялардың бірі. Кәсіпорын басшысы Плезан Пьерр Елорда төрінде марапат мінберінен көрінді.

Айта кетейік, республикалық конкурста Қызылорда өңірінің кәсіпорындары 2008 жылдан бері белсенді түрде қатысып келеді.

СЫРБОЙЫЛЫҚ ЖАСТАР ФОРУМДА БАСҚОСТЫ

Сыр елінде түрлі салада табысты қызмет атқарып жүрген жастар «Жасампаз шақ – жастық шақ» атты форумда басқосты. Басқосуға білім, ғылым, медицина, ауылшаруашылығы және кәсіпкерлік, өнер мен спорт саласында аймақ абыройын асырып жүрген жастар айналы. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев форумға арнайы қатысып, жастармен еркін бағытта пікірлесіп, ұсыныстарын тыңдады.



Аймақ басшысы алдымен жастардың озық идеяларына негізделген арнайы көрмені аралап, өз кәсібін бастаған, инновациялық идеяларды іске асыруға ниетті оқушылар мен студенттердің жобаларын көрді.

Форумда сөз алған облыс әкімі туған жерін дамытуға жанашыр, озық идеяларды іске асыруға ниетті әрбір жасқа қолдау болатынына тілге тиек етті. - Аймақ тұрғындарының 21 пайызын құрайтын жастар

өкілдерін қолдау мақсатында биылғы жылы бюджеттен 500 млн. теңгеге жуық қаржы бөлінді. Осының нәтижесінде аймағымызда маңызды әрі жастардың сұранысына сай бірқатар жобалар жүзеге асырылуда. Аймақ сұранысқа ие мамандықтар бойынша халықтың әлеуметтік осал топтарынан және көп балалы отбасынан шыққан балаларға арналған облыс әкімінің 100 гранты тағайындалды. Ғылыми қызметке тартылған жастар санын арттыру, жас ғалымдардың ғылыми жобаларын қаржыландыру жұмыстары қолға алынды. Елімізде қоғамдық және қайырымдылық істердің басында Сыр еріктілері қай кезде де белсенді түрде атсалысып келеді. Олардың көмегімен жыл басынан бері 6 жарым мыңға жуық мұқтаж отбасыға әлеуметтік көмек көрсетілді, - деді Н.Нәлібаев.

Форумда «Жас ғалым – 2022» облыстық байқауының жеңімпаздары мен жастар саясатының дамуына үлес қосып, еңбегімен көзге түскен бірқатар жас облыс әкімінің және ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің Алғыс хатымен марапатталды. Сондай-ақ, форумда 17 дүркін Қазақстан, 3 дүркін әлем және 3 дүркін Азия чемпионы, облыс бойынша ең алғашқы болып «Гроссмейстер» атағын қорғаған Әсел Серікбайдың ата-анасына облыс әкімінің «Құрмет грамотасы» табысталды.

Кешкі кездесуде «Аслан Films» киностудиясының директоры, кинопродюсер Жасұлан Алдабергенов, «Бала Орда» бағдарламасының авторлары Мақсат Серікбаев және Сәуле Қалыбай және ғалым Нұрбол Аппазов киноиндустрия және жаңа медиа, білім мен ғылым саласын дамытуда өзіндік идеяларымен бөлісті.

Форумда жас ақындар Мақсат Дауылбай мен Мөлдір Айтбай олең оқып, «АДС» тобы және Жарасхан Төлбай өнер көрсетті.

«Ел тілегі» ақпарат

ТАЛДАУ САПАЛЫ ЖҮРГІЗІЛУІ КЕРЕК

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі облыстық комиссияның кезектен тыс отырысы өткізілді. Жиынға құқық қорғау органдары және басқарма басшылары, онлайн режимде қала, аудан әкімдері қатысты.

Отырыста сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимылдың үлгілік базалық бағытын іске асыру мәселесі қаралды. Іс-қимыл үлгілік базалық бағыты 4 негізгі жоба тобы арқылы іске асады, яғни сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау оны жою, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және квазимемлекеттік секторда сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания кызметтерін дамыту.

Жиын барысында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі облыс бойынша департаменттің басшысы Серікжан Мырзалы баяндама жасап, компания кызметін атқаратын мамандар тапшы екенін және әрбір мекемеде дербес компания кызметі болуы қажеттігін алға тартты. Соған сәйкес кәсіби мамандардың әлеуетін арттыруға басымдық беру керек делі.

Мұнан бөлек, мемлекеттік органдар тарапынан сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілетін ішкі талдау өз деңгейінде, сапалы жасалмайтынын жеткізді.

«Облыстық әкімдікке қарасты басқармалар жүргізген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаулар нәтижесінде 77 тәуекел немесе бір басқармадан орташа көрсеткішпен 4,53 тәуекел анықталған. Бұл ретте, көрсетілген ішкі талдаулардың сапасы да күмән тудыратынын атап өту қажет. Мәселен, білім басқармасының ішкі талдауды сапасыз жүргізу белгісі ретінде өңір мектептерінде сыбайлас жемқорлық фактілері орын алғанын келтіруге болады. Облыс мектептерінде 2020-2021 жылдары аса ірі көлемде қаражат жұмқыру фактілері бойынша 6 қылмыстық іс тіркелді, яғни жекелеген мектептерде жалақы төлеу қорының сомаларында күмәнді деректер анықталды, - деді департамент басшысы. Қазір Жаңақорған ауданының бірнеше мектеп есепшілеріне қатысты сыбайлас жемқорлық сипатындағы қылмыстық істер қозғалуда. Бұл деректер 2020-

2021 жылдар ішінде орын алған, дегенмен істің шешімі биылғы жылдың есебімен жария етілуде. Серікжан Мырзалы мұндай тәуекелдер басқарма тарапынан ішкі талдау барысында алдын ала анықталмағандықтан, қаражатты негізсіз пайдалануға жол ашты дейді. Айта кету керек, аймақта 2020-2021 жылдар аралығында қаржы жұмқыру дерегі бойынша 11 әкімдік қызметкеріне қылмыстық іс қозғалған. Олардың ішінде облыстық мәдениет, архив және құжаттама басқармасының басшысы, дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы және 5 спорт мектеп директоры, жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары, облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары, ауыл шаруашылығы басқармасының бөлім басшысы мен бас маманы бар. Олардың қылмыстық істері 2021 жылы тіркеліп, сот үкімдері биыл ғана жарияланды. Соның салдарынан Қызылорда өңірі республикадағы аймақтар арасында сыбайлас жемқорлық сипатындағы қылмыстық көрсеткіштермен алдыңғы қатарға ілікті.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаментінің бастығы Болат Қалмырзаев 2020-2021 жылдар ішінде орын алған мұндай келеңсіздіктердің себебін терең талдау жасап, білім саласында орын алуы мүмкін тәуекелдерді

алдын ала ескеру қажет делі. Жиында облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов үлгілік базалық бағыттың өңірде орындалуы облыс әкімі аппаратының жеке бақылауында болатынын, ашықтық қағидатына сай әрбір мемлекеттік қызметшінің сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуін, бірінші басшылардың жауаптылығын күшейтіп, ішкі талдауларға сүйеніп отырып, уақытылы әрекет ету механизмін сай жұмыс жүргізетінін жеткізді. Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру үшін ақпараттық-насихат жұмысының маңызы арта түсті. Облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Мира Қазбекова халық арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларды түсіндіру, мағыналы бейнероликтер әзірлеп, оларды кеңінен жергілікті телеарналар мен әлеуметтік желіде жариялау, жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытында атқарылған шараларға тоқталды. Жиында қорытындылаған аймақ басшысы жемқорлықпен күресте ақпараттық шынайы болуын және үлгілік базда көзделген бағыттарды уақытылы іске асырып, жұмысты жандандыру қажет делі.

«Жобалық басқару, бұл – ең алдымен лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін арттыру, нақты көрсеткіштерге қол жеткізу.

Бұған бей-жай қарауға болмайды. Мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп отырып, жемқорлық сипатындағы әрекеттерді жою бағытында жұмысты күшейтуді тапсырамын, - деді Н.Нәлібаев.

«Ел тілегі» ақпарат



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Сыбайлас жемқорлық заманмен бірге өсіп, небір тегеурінді қарсылықтарға қарамастан, қайда көп қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын қатты алаңдатып отырғаны анық. Ықылым заманнан бері өз шенін жоғарылату, ешбір қиындықсыз кез-келген нәрседен өтіп кету, болғанды болмағандай етіп шығару секілді көзбояушылық жемқорлықтың әрекеті.

Бұрын «жемқорлық», «пара», «сыбайлас» деген сөздерді естігенде құлағымыз елен ете қалатын еді, алайда, қазір оған құлағымыз үйреніп кеткендей. Адамдар осындай жайттарды көре тұра бір-біріне сенімсіздікпен, күдікпен қарайды. Кішкене қиындыққа тап бола қалсақ, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен өткізіп келетіні ашы да болса шындық. Өйтсе де, бұл дертпен қоғам болып күресіп жатқанымыз белгілі.

Тұңғыш Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауында: «Сыбайлас жемқорлық қоғамға,

мемлекеттің конституциялық негізіне қауіп төндіреді, онымен күрес жүргізу – жалпы ұлттық міндет», - деген болатын. Әрине, сыбайлас жемқорлық шауып тастайтын өсімдік емес, бұл тамырын тереңге жайған, қоршаған ортаның сау органдарын шырпап, тынысын тарылтатын қауіпті кесел. Кез келген тұлға біреуге сыйақы ұсынып жатқанында өзінің сыбайлас жемқорлыққа барғанын сезінбейді. Ол үшін ең маңыздысы өз ісінің оң шешімін тапқаны болып табылады. Сол себептен бұл күресте әр адам өзін психологиялық тұрғыдан

дайын болғанда ғана бастаған жөн. Әрбір адам ар-намысы, абыройының алдында таза боламын деп өмірлік ұстаным ұстанса ешқашан жемқорлыққа жол бермейтіні анық. Сонымен қатар заң алдында барлығының мәртебесі тең екенін ешқашан естен шығармаған абзал. Заңды бұзған екенің, оның баптарына сәйкес жауапқа тартылатының да білу керек. Демек, тәртіп – қатаң, заң – ортақ.

Қоғам дамуының жаңа жолын таңдап, жас мемлекетіміздің буынын берік ұстаймыз десек, уақыттан туындаған түрлі кеселдерден айығуды міндетті күн тәртібіне айналдырамыз жөн. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», деп қара қылды қалжырап, тұрасын айтып, әділдікке жүгінген халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік отыз мемлекеттің қатарына жетуі көздеп отырған шақта парасат биігінен көрінуге тиіспіз.

Мереке ЖҰМАБАЕВА, «Қоларық ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас маманы

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, көмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр, себебі өмірлік қиын жағдайға душар болған жасөспірімдердің саны азаяр емес. Бұл санатқа, көбінесе отбасылық жағдайы нашар, демалыс мезгілі ойластырылмаған, өздеріне өздері бас болып жүрген балалар жатады.

Қылмыстың алдын алудың бірден бір жолы – оқушылардың мектептен тыс уақытта қосымша біліммен қамтылуын дұрыс ұйымдастыру керек, - деп ойлаймын.

Жалпы, құқық тәртібін бұзуға бейім балалар қайдан шығады? Жасыратыны жоқ, қоғамдық тәртіпті бұзған, қылмыс жасаған, сөйтіп ішкі істер бөлімдерінде есепте тұрған балалардың басым бөлігі жайсыз отбасылардан шығады. Ал енді бір тобы, кейбір ата-аналардың бала тағдырына алаңдамауынан, оларды өз беттерінше қалдырып, мектептен тыс уақыттарында немен айналысып жүргендерін қадағаламауынан пайда болады. Сондықтан, тәртібі нашар, ішкі істер органдарында есепте тұрған оқушылармен жүйелі түрде жұмыс жүргізуден жалықпау керек сияқты.

Бүгінгі жастар еліміздің болашағы. Жастар қоғамымыздың жүрек дүрсілі, өзегі. Есігінен енді аттап отырған жана

ғасырда ұлтымыздың өсуі де, өшуі де жастарға тікелей байланысты. Сондықтан да білім алушы жастар Отанға деген сүйіспеншілік патриотизм, танымның заңдылықтарын игеру тиіс.

«Ел болам десең, бесіңді түзе» деп атам қазақ айтқандай, әрбір ата-ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне мән беріп, бос уақыттарында немен айналысатынына қатаң бақылау жасаса, жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың төмендеуіне көп септігін тигізеді.

Мереке ЖҰМАБАЕВА, «Қоларық ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас маманы



БІР ЖЫЛҒА АЛДЫН АЛА МӘРТЕБЕ: МӘМС-ҒА ҚАТЫСУДЫҢ Жаңа тетігі бойынша дербес төлеушілерден сұрақтар

5 қыркүйекте МӘМС - ға бір жыл бұрын жарналарды төлеудің жаңа тетігі енгізілді. Оны «сақтандырылған» мәртебесі бар, сондай-ақ жүйеге ешқашан төлем жасамаған немесе оны жүйесіз жасаған барлық дербес төлеушілер пайдалана алады. Бұл қалай жұмыс істейді және төлеушілерге қандай нюанстарды білу керек? Осы және басқа да сұрақтарға Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов жауап береді.

Бүгінгі күнге дейін медициналық сақтандыруға жарналарды ешқашан төлемеген немесе жүйелі түрде төлемеген, соның салдарынан сақтандыру мәртебесінен айырылған дербес төлеушілерге оны қалпына келтіру үшін өткізіп алған айлар үшін, тіпті өткен жылға да жарналарды төлеу қажет болды. Енді оларда балама әдіс пайда болды-алдағы 12 ай үшін төлем жасау және өткен кезеңді төлемей, сақтандырылу мәртебесін алу.

Өтірік шамамен 135 мың тұрғыны медициналық сақтандыру жүйесінен тыс қалып отыр. Бұл оларға жошарлық және жоғары технологиялық медициналық көмекке, аурулардың алдын алуға және медициналық диагностикалауға қол жеткізуді қиындатады. Президент сақтандырылмаған азаматтарды МӘМС жүйесіне тарту бойынша шұғыл шаралар қабылдау қажеттілігі туралы бірнеше рет айтқан. Біз жаңа төлем механизмі бұған ықпал етеді деп санаймыз.

Бұл іс жүзінде қандай жұмыс істейді және төлеушілерде қалай сұрақтар туындауы мүмкін?

- Соңғы 12 айда менде МӘМС жарналары төленді, мәртебем сақтандырылған. Алдағы жылға жарна төлеуім міндетті ме, әлде оларды ай сайын төлей аламын ба?

Сіз жарналарды өзіңізге ыңғайлы түрде төлей аласыз-ай сайын, тоқсан сайын жүйелі түрде төлеуді жалғастыра аласыз немесе 12 айға бірден төлей аласыз.

- Егер мен МӘМС-ке жарналарды ешқашан төлемеген болсам, яғни менде бірде-бір төлем жоқ, сәйкесінше мәртебе де жоқ. Осы мүмкіндікті пайдаланып, алдағы 12 айға төлем жасай аламын ба, әлде алдыңғы төленбеген кезеңді өтеуім керек пе?

Жоқ. Бұл норма сіз сияқты төлеушілерге жүйеге «ауыртпалықсыз» кіруге көмектесуді мақсат етеді. Сіз сақтандыру мәртебесін ағымдағы айға және алдағы 12 айға жарналарды төлеу арқылы 3 жұмыс күні ішінде ала аласыз.

- Егер мен МӘМС жарналарын кезең-кезеңмен төлесем, бірақ төленбеген кезеңдер бар, соның салдарынан қазіргі кезде мен сақтандырылмағанмын, мен жарналарды бір жыл бұрын төлеп, мәртебе ала аламын ба, немесе маған алдымен бұрын төленбеген айларды жабу қажет бола ма?

Сізде екі нұсқа бар. Біріншісі, барлық өткізіп алған кезеңдерді өтеу, әлдеқайда аз сомамен айналып өту және әрі қарай сақтандыру мәртебесінде қалу үшін МӘМС-ке ай сайын төлем жасаңыз. Немесе екіншісі, өткен кезеңді төлемей, бір жыл бұрын жарналарды төлеңіз.

- Егер мен осы жылдың қыркүйегінен бастап жаңа төлем әдісін қолдануды ұйғарсам, онда мен жарналарды қай кезеңге төлеуім керек-2023 жылдың тамызына дейін?

Олай емес. Заң нормасында төлемдер болашақ кезеңдер үшін жасалуы керек деп көрсетілген. Қыркүйек ағымдағы кезең болып саналады. Тісінше, бір жылға мәртебе алу үшін сіз жарналарды 2022 жылдың қазанынан 2023 жылдың қыркүйегіне дейін төлеуіңіз керек. Егер сіз 2023 жылдың қыркүйегінен тамызына дейін төлесіз, сізге мәртебе берілмейді, өйткені ағымдағы ай төлемге кірмейді. Тісінше, жүйе тек 11 айға төлемді ескереді.

- Мен болашақ 12 ай үшін төлем жасадым, маған 2023 жылдың қыркүйегіне дейін мәртебе берілді. Егер мен осыдан кейін жарна төлеуді тоқтатсам, мәртебем сақталына ма?

ЖТ төлеушілерден басқа төлеушілердің барлық санаттарында сақтандыру мәртебесі МӘМС-ға соңғы төлем төленгеннен кейін 3 ай бойы сақталады. Соңғы төлем 2023 жылдың қыркүйегінде болды делік, демек сақтандырылу шартты мәртебесі 23 жылдық желтоқсанына дейін сақталады. Бірақ сіз осы кезеңде сіздің қарызыңыз жинақталатынын түсінуіңіз керек, оны болашақта мәртебеніңізді сақтау үшін өтеу керек.

- Егер мен төлем жасауды тоқтатсам, біраз уақыт менің мәртебем, яғни 3 ай бойы сақталады, содан кейін жоқ болды-мен өткен айлар үшін қарызым төлеуім керек пе, әлде бір жыл бұрын мәртебені тағы «сатып ала» аламын ба?

Егер Сіз жарналарды бір жыл бұрын төлесіз, онда өткен кезеңді берешек ескерілмейді. Бірақ бұл жерде мәртебе тек болашақ кезеңге тағайындалғанын ескеру керек. Мәртебені қазір алу үшін сізге МӘМС-ға ағымдағы ай үшін де ақы төлеу қажет.

- Жыл сайын АЕК және ЕТЖ мөлшері өзгеріп отырады, соңғысына дербес төлеушілер үшін медициналық сақтандыру жарналарының мөлшері байланысты болады. Келесі жылы ең

төменгі жалақыны 70 мың теңгеге дейін ұлғайту туралы жарияланды. Тісінше, МӘМС жарналарының мөлшері өзгеруі керек. Мен осы өзгерістерді ескере отырып төлем жасауым керек пе немесе қазіргі ставкалар бойынша төлей аламын ба?

Төлемдердің мөлшері белгілі бір қаржы кезеңінен бастап, әдетте 1 қаңтардан бастап белгіленеді. Қазіргі уақытта дербес төлеушілер 60 мың теңгенің 5%-ын төлейді, бұл 3 мың теңге. Тісінше, егер сіз осы жылы жарналарды төлейтін болсаңыз, келесі жылды ескере отырып, сіз жарналардың қолданыстағы мөлшеріне назар аударасыз. Егер сіз 2021 жылы өткізіп алған айларды төлейтін болсаңыз, онда сіз 2 125 теңгеден төлейтін боласыз, өйткені сол кезде ЕТЖ мөлшері 42 500 теңге деңгейінде бекітілген болатын. Егер сіз МӘМС-ға жарналарды 2023 жылдан бастап төлейтін болсаңыз, онда жарналардың мөлшері басқа болуы мүмкін.

- Егер мен бір жыл бұрын МӘМС-ға жарналарды төлеп, содан кейін жеңілдікті санатқа көшсем, төленген сомадан айырманы қайтару аламын ба?

Жоқ, бұл төлемдерді қайтаруға болмайды, өйткені олар артық немесе кәте төленген деп саналмайды. Алайда, әр жағдайды жеке қарастыруға болады. Мүмкін, адам бір кезеңде жарналарды екі рет төлеген немесе төлем жасау кезінде қандай да бір қате жіберген, мысалы, ЖСН-ді дұрыс көрсетпеген шығар. Мұндай жағдайларда «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына өтініш жазып, қаражатты қайтару үшін растайтын құжаттарды қоса беруге болады.

- Егер мен жеңілдік санатында болсам, содан кейін одан шықсам-маған міндетті түрде бір жыл бұрынға жарна төлеу керек пе немесе ай сайын төлем жасай аламын ба?

МӘМС-ға жарналар төлеу міндеті халыққа заңмен бекітілген, бірақ төлем әдісін адам өзі анықтайды.

Бұл жағдайда бірнеше нұсқа болуы мүмкін.

Бірінші. Егер сіз бір жылдан астам уақыт бойы үздіксіз жеңілдік санатында болсаңыз және мемлекет сіз үшін шегерім жасаған болса, жеңілдік мәртебесінен шыққаннан кейін сіз үнемі төлемдер жасап, сақтана аласыз.

Екінші. Егер сіздің жеңілдік мәртебеніз бір жылдан аз уақыт ішінде белсенді болса және оған кіргенге дейін төленбеген айлар болса, сіз дереу мәртебені алу үшін қарызды төлеп, үнемі аударымдар жасауды жалғастыра аласыз немесе ағымдағы ай мен келесі 12 айдағы жарналарды төлей аласыз. Егер сіз жарналарды келесі жылға ғана төлейтін болсаңыз, онда сіз бірден емес, келесі

айдан бастап ғана мәртебеге ие боласыз.

- Егер мен БЖТ төлеушімін және қыркүйек айында жарналар төлеген болсам, мен де бір жылға мәртебе ала аламын ба?

Бұл механизм тек тәуелсіз төлеушілер үшін қарастырылған. Сіз төлеушілердің осы санатына оңай ауыса аласыз, содан кейін бір жылдағы мәртебе сізге қолжетімді болады. Егер сіз БЖТ төлеуші санатында қалғыңыз келсе, болашақ кезеңдерге төлемдер жасай аласыз, бірақ тек осы жылдың соңына дейін.

Неліктен? Біріншіден, келесі жылдан бастап бірыңғай жиынтық төлем мөлшері өзгеруі мүмкін. Екіншіден, азаматтардың кейбір санаттары БЖТ төлеушілерден шығарылады. Бухгалтерлік есеп немесе аудит, сақтандыру қызметі саласында және құқық, әділет және сот төрелігі саласында консультациялық маркетингтік қызметтер көрсететіндер.

Бүгінгі таңда Салық кодексінің 774-бабына сәйкес, бірыңғай жиынтық төлемді шетелдік азаматтар, жұмыскерлер, жеке кәсіпкерлер, жеке практикамен айналысатын адамдар, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмыскерлер, сондай-ақ коммерциялық жылжымалы мүлкікті жалға беретіндер төлей алмайды.

Тағы не білу маңызды?

Төлемдердің болуы және бір жылға мәртебе беру туралы апаратты сақтандыру мәртебесін тексеретін тәсілдермен алуға болады. Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы немесе Telegram SaqtanduyuBot арқылы.

Төлемдер мен мәртебе туралы ресми құжатты мемлекеттік қызметтер арқылы eGov.kz электрондық үкімет порталынан алуға болады (Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне медициналық көрсетілетін қызметті тұтынушы ретінде қатысу туралы және аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат ұсыну).

Сіз 12 айды төлемдерді бірден жасай алмайсыз, өйткені жүйе әр ай үшін төлемді бөлек оқиды.

Жарналарды төлеу кезінде қателіктер жіберілмегеніне көз жеткізу керек. Әйтпесе, төлем жүйеге кірмейді және сізге мәртебе берілмейді. Енгізілген ЖСН, төлем кезеңінің және төлем енгізілетін жылдың дұрыстығын қайта тексеріңіз.

Егер бір айда қате жіберілсе немесе екі рет төленсе, қате төленген төлемді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына өтініш жазу арқылы қайтаруға болады.

МӘМС жарналарын екінші деңгейдегі кез келген банк, банкетердің мобильді қосымшалары, жылдам төлем терминалдары және «Қазпошта» филиалдары арқылы төлеуге болады.

«ОСКАР-2023» СЫЙЛЫҒЫНЫҢ НОМИНАНТАРЫ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

Үздік толықметражды анимациялық фильм, деректі фильм және шетелдік фильм номинациялары бойынша үміткерлер анықталды.

Әлеуметтік желіде Америка кинематография академиясының үш номинация бойынша «Оскар-2023» сыйлығына үміткерлер тізімі жарияланды. «Үздік анимациялық фильм» номинациясы бойынша 27 фильм бар, оның ішінде «Пинокио Гильермо дель Торо», «Миниондар: гравитация», «Ғажайып әлем (Strange World) филмдері бар. Үздік деректі фильм номинациясына 144 кинокартина таңдалды. Соның ішінде Венеция кинофестивалінің жеңімпазы «Барлық сұлулық және қан төгу» (All the Beauty and the Bloodshed), «Селена Гомес: Ақылым және мен» (Selena Gomez: My Mind & Me), «Дэвид Боуи: Айдың арманы» (Moonage daydream). 15 фильмнен тұратын қысқа тізім 21 желтоқсанда жарияланады.

Шетел тіліндегі үздік фильм үшін әртүрлі елдерден 92 фильм үміткер. Соның ішінде Александр Гонсалес Иньярритуидың «Барло» (Мексика), «Бір кездері кинода» (Үндістан), «Корсаж» (Аустрия) және т.б.

«Оскар» марапаттау рәсімі 2023 жылдың 12 наурызында өтеді.

РОНАЛДУ КӨЗ ЖАСЫНА ЕРІК БЕРДІ

Қатарда футболдан өтіп жатқан әлем чемпионатының ширек финалында Мароккодан жеңілгеннен кейін Португалия құрамасының капитаны Кристиану Роналду көз жасын жасыра алмады. Төреші ұсырығы естілісімен-ақ К.Роналду мінбе астындағы орынға бет алды.

Атақты ойыншының мұндай көңіл-күйге ерік беруі түсінікті еді. Қазіргі кезде 37 жастағы Роналдудың келесі әлем чемпионатына қатысуы неғайбыл болатын.

Мароккомен матчта шабуылшы 51-минутта алаңға шықты. Сөйтіп ол Португалия құрамасы сапындағы 196-ыншы ойынның өткізді. Бұл көрсеткіш жөнінен К.Роналду Кувейт ойыншысы Бадер Аль-Мутавамен теңесті.

Бес дүркін «Алтын доп» иегері атанған Роналду осыншама рет Чемпиондар лигасының жеңімпазы болды. Еуропа және Ұлттар лигасының чемпионы деген атағы тағы бар. Ол – ұлттық құрамалар, Еуропа біріншілігі, Чемпиондар лигасы, клубтық әлем чемпионы және «Реал» клубы (Мадрид) тарихындағы үздік сұрмерген. Оған тек әлем чемпионы деген атақ жетпейтін еді.

ӘЛЕУМЕТТІК МӘНІ БАР АУРУЛАРЫМЕН АУРАТЫН НАУҚАСТАРҒА ҚАНДАЙ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕДІ?

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына әлеуметтік мәні бар аурулармен ауыратын азаматтардан сұрақтар жиі түседі. Медициналық көмек көрсету тәртібі туралы назарларыңызға ұсынамыз.

Әлеуметтік мәні бар аурулар дегеніміз не?

Бұл аурулар қоғамда кең таралуына байланысты халықтың ең көп өлімі мен мүгедектігі туыратын аурулардың қатарына жатады. Сондықтан денсаулық сақтау жүйесінде оларды диагностикалау мен емдеуге үлкен мән беріледі. Қазақстанда әлеуметтік мәні бар аурулардың бекітілген тізбесіне төмендегілер кірді:

- Туберкулез
- Адамның иммун тапшылығы вирусынан (АИТВ) туындаған ауру
- Созылмалы вирустық гепатиттер және бауыр циррозы
- Қатерлі ісіктер
- Қант диабеті
- Психикалық, мінез-құлық бұзылулары (аурулар)
- Балалардың церебралды сал ауруы
- Жедел миокард инфарктісі (алғашқы 6 ай)
- Ревматизм
- Дәнекер тіннің жүйелі зақымдануы
- Жүйке жүйесінің дегенеративті аурулары
- Орталық жүйке жүйесінің

демиелинизациялаушы аурулары

- Орфандық аурулар.

Әлеуметтік мәні бар аурумен ауыратын азаматтар үшін медициналық көмек нені қамтиды?

Әлеуметтік мәні бар аурулардан зардап шегетін азаматтарға көрсетілетін медициналық көмек диагностиканың, емдеудің, динамикалық байқаудың медициналық қызметтерін қамтиды. Әлеуметтік мәні бар аурулармен ауыратын науқастарға (яғни, оларға диагноз қойылған болса және олар өз емханасында әлеуметтік мәні бар ауру бойынша диспансерлік есепте тұрса) негізгі ауруы бойынша медициналық қызметтер ТМҚК шеңберінде көрсетілетінін түсіну маңызды. Осылайша, жүргізілетін терапияны түзету немесе созылмалы аурудың өршуі кезінде медициналық қызметтер ТМҚК шеңберінде ұсынылады, демек, МӘМС жүйесінде сақтандыру мәртебесіне қарамастан қолжетімді болады. Алайда, диспансерлік есепке қою үшін диагностикалық процедуралар мен мамандардың консультациялары талап етіледі, оңай қызметтер МӘМС пакетіне енгізілген. Осыған орай әлеуметтік мәні бар ауруды анықтау үшін бастапқы диагностика, сондай-ақ басқа ауруларды, оның ішінде әлеуметтік мәні бар ауру расталған кезінде ілеспе ауруларды диагностикалау МӘМС жүйесінде жүргізіледі, яғни ол қызметтерді алу үшін сақтандыру мәртебесі қажет.

Әлеуметтік мәні бар аурулар қандай медициналық көмекке үміткер бола алады?

Әлеуметтік мәні бар аурулардан зардап шегетін азаматтарға медициналық көмек мынадай нысандарда көрсетіледі:

- 1) амбулаториялық жағдайларда;
- 2) стационарлық жағдайларда;
- 3) стационарды алмастыратын жағдайларда.

Пациентке әлеуметтік мәні бар аурулар қалай қойылады?

Егер ұчаскелік дәрігер (ЖПД, терапевт немесе педиатр) пациентке әлеуметтік мәні бар аурулардың белгілерін байқаса, онда ол оны тиісті бейінді маманға (тар бейінді дәрігерге, психологқа) консультацияға жібереді. Бұл ретте тар бейінді мамандардың консультациялары МӘМС пакетіне жатады, сондықтан бұл қызметті алу үшін науқастың сақтандырылған мәртебесі қажет (диагностикасы ТМҚК-де жүргізілетін және сақтандырылмаған науқастарға қолжетімді болатын туберкулезге және АИТВ инфекциясына күдіктенуді қоспағанда). Көрсеткіштер болған кезде дәрігер науқасты диагностикаға жібереді, олар басқа бейінді мамандардың консультациялары, инструменталдық және зертханалық зерттеулер болуы мүмкін. Диагнозды растағаннан кейін ұчаскелік дәрігер пациентті диспансерлік есепке қояды және ол қажетті медициналық көмекті ала алады. Емхана деңгейінде әлеуметтік мәні бар аурулармен ауыратын азаматтар диагностика және амбулаториялық емдеу қызметтерін ала

алады. Оларға үздіксіз диспансерлік бақылау жүргізіледі. Көрсеткіштер болған кезде маман пациентті тәулік бойы немесе күндізгі бақылау жүргізетін медициналық ұйымға жібере алады.

Әлеуметтік мәні бар аурумен ауыратын науқастарға тегін дәрі-дәрмектер беріле ме?

Белгілі бір әлеуметтік мәні бар аурумен ауыратын пациенттер ТМҚК шеңберінде және МӘМС жүйесінде амбулаториялық деңгейде дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етіледі, оның ішінде:

- туберкулез;
- АИТВ инфекциясы;
- бауыр циррозының сатысын қоса алғанда созылмалы С вирустық гепатиті;
- В вирустық гепатиті;
- қант диабеті;
- онкологиялық аурулар;
- жүректің ишемиялық ауруы;
- жүрек қақпақшасын протездеу;
- психикалық аурулар;
- церебралды сал ауруы;
- реактивті артрит;
- аутоиммунды аурулар мен иммун тапшылығы жағдайында;
- түйіндік полиартрит;
- Альгеймер ауруы;
- Бехчет ауруы;
- Крон ауруы;
- мукополисахаридоз және басқа да орфандық аурулар бар жағдайларда.

Науқастар аурудың дәрежесі мен сатысына байланысты дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етіледі.

<p>Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС</p>	<p>Бас редактор Сыдықова Жанар ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ</p>	<p>Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36/PY00030577 куәлігі берілген.</p> <p>Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті КР СТ ИСО 9001-2016 «Сана менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған</p> <p>Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – 1, 19.10.2007 ж</p>	<p>Редакцияның мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі 46/36 Телефон: 8 777 752 54 63</p>	<p>Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі, 4 А үйі Телефон: 40-06-68,</p> <p>Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді</p> <p>Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел: 23-54-91</p>	<p>Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бәрмейді</p> <p>Таралымы 6000 дана Индекс 66503 Тапсырыс №2070</p> <p>E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru Электронды нұсқасы: https://ret-gazeta.kz/</p>
--	---	--	--	--	--